

ӘОЖ 811.512.122

ҒТАХР 16.21.49

<https://doi.org/10.48371/PHILS.2025.1.76.021>

ҚАЗАҚ ТҰРАҚТЫ СӨЗ ТІРКЕСТЕРІНІҢ МӘДЕНИ-ТАНЫМДЫҚ МАЗМҰНЫ

***Хабиева А.А.¹, Уәли Н.М.²**

***^{1,2}А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы, Қазақстан**

Аңдатпа. Кез келген тілдің сөз байлығы сөздіктер тізбесіндегі сөздер санымен ғана өлшенбейтіні белгілі. Осымен байланысты «мағына байлығы», «сөз қуаты», «тілдік бірліктердің ассоциативті-бейнелі әлеуеті», «тілдің мәдени коды» деген мәселелерді зерттеуге, тілді оны тұтынушының мәдени контекстімен байланысында қарастыруға бағытталған жұмыстардың жүргізілуі әрқашан маңызды да құнды болмақ. Мақалада талданған қазақ тұрақты сөз тіркестерінің мәдени және танымдық ерекшеліктері тілдік және мәдени кодқа салынған айрықша семиотикалық тұтас жүйе ретінде қарастырылды. Жұмыстың мақсаты – қазақ тіліндегі мәдени-танымдық ақпарат мазмұнын қамтыған сөз орамдарының шығу көзін, тілдік-мәдени жадын ашу. Мақалада кейбір тұрақты сөз тіркестерінің он бес томдық және бір томдық түсіндірме, этимологиялық, диалектологиялық т.б. сөздіктерде көрсетілмеген мағыналарына назар аударылып, жасырын мәдени семантикасы, экстралингвистикалық уәжі ашылды. Лексикографиялық еңбектердің реестріне алынған лексика-фразеологиялық бірліктердің астарындағы мәдени семантиканы ашудың жолдары мен тәсілдері анықталды. Лексика-фразеологиялық бірліктердің бір типінде кодқа салынған тілдік және мәдени ақпараттар салыстырыла беріледі. Ал екінші бір типінде кодқа салынған тілдік ақпараттардың ашық, ал мәдени ақпараттардың жабық болып келетіні айшықталды. Зерттеу барысында жинақтау, іріктеу әдістері, семиотикалық талдау, этимологиялық талдау, интерпретативтік талдау, компоненттік талдау, сондай-ақ контекстік және салыстырмалы талдаулар пайдаланылды. Зерттеу барысында қаралатын мәселелер тіл ғылымының ғана емес, басқа да гуманитарлық ғылымдар (этнография, мәдениеттану, елтану т.б.) мен білім беру саласының өзекті проблемалары қатарынан орын алады. Зерттеу нәтижелерін көркем мәтін лингвистикасы, когнитивтік лингвистика, лингвомәдениеттану пәндері бойынша оқылатын дәрістер мен арнайы курстарда, қазақ тілінің түсіндірме, лингвомәдени сөздіктері мен этнографиялық энциклопедияларды құрастыру барысында пайдалануға болады.

Тірек сөздер: тілдік семантика, мәдени семантика, тұрақты тіркес, лексика-фразеологиялық бірліктер, тілдік-мәдени жад, мәдени ақпарат, тіл, мазмұн

Кіріспе

Қазақ сөзінің тіл иесімен сабақтас болмысын айғақтайтын айшықты, терең мазмұнды тұрақты сөз тіркестері деректік, дәйектік негіз болуымен және сөз мазмұнындағы коммуникативтік әлеуетті жан-жақты ашатын рухани-танымдық қазық ретінде аса құнды. Өзінің қазыналық, дереккөздік мәні мен қызметіне сәйкес тұрақты сөз тіркестері қазақ сөзінің заманауи қолданысқа жалғасқан өміршеңдік, жасампаздық күдіретін ашып, сөздің терең мазмұнында астарланған тарихи-танымдық, кәсіби т.б. коммуникативтік тұрғыдағы әлеуетінен ақпарат береді.

Тілдің өзіндік табиғи ерекшелігі жеке сөздердің санына ғана емес, сонымен қатар олардың өзара жымдаса байланысып, тіркесе қолдануына да байланысты болып келетіні белгілі. Сондықтан да тіл білімінде сөз тіркестері, оның ішінде тұрақты сөз тіркестері өзекті мәселелердің бірі болып саналады.

Алғаш рет «phraseologie» терминін швейцар лингвисті Чарльз Балли енгізген болатын. Ол фразеологияны стилистиканың бір бөлігі ретінде танып, «Стилистиканың қысқаша очергі» (М., 1905) және «Француз стилистикасы» (М., 1961) атты еңбектерінде фразеология мәселесіне жеке тараулар арнайды. Орыс ғалымы Е.Поливанов «Русский язык сегодняшнего дня» (Л., 1928) атты зерттеуінде фразеологияны өз алдына дербес лингвистикалық пән ретінде қарастыру қажеттілігін алға тартады. Ал оның жеке лингвистикалық сала ретінде қалыптасуына академик В.Виноградовтың еңбектері септігін тигізеді. Ғалымның «Основные понятия русской фразеологии как лингвистической дисциплины» (Л., 1946) атты еңбегінде алғаш рет «фразеологиялық бірлік» термині қолданылып, тұрақты тіркестердің шығу тегі туралы айтылады. Кейін академик В.Виноградов теориясының жалғасы орыс ғалымдары А.Кунин (Англо-русский фразеологический словарь, 1956), А.Смирницкий (Лексикология английского языка, 1956), Н.Амосов (Основы английской фразеологии, 1963), Р.Яранцев (Русская фразеология, 1997), В.Телия [1] т.б. еңбектерінде көрініс табады.

Қазақ тіл білімінде де фразеологиялық тіркестер біраздан бері зерттеліп келеді. Атап айтқанда, академик Ә.Қайдар [2] қазіргі қазақ тіліндегі фразеологиялық бірліктердің жіктелу топтарын, қазақ тіліндегі мал шаруашылығымен байланысты тұрақты өрнектердің бейнелі-фондық негізін қарастырған болса, Г.Нұрғазиеваның [3] еңбегінде негізінен есімді-етістікті фразалық тіркестер сөз болады. Ғалым сөздікке алынған етістікті фразеологизмдерді семантикалық топтарға, синонимдерге, антонимдерге, омонимдерге бөліп қарастыруға болатындығын, мұндай жіктеменің тіркестердің табиғатын толық тануға, фразаларды орын орнымен қолдануға септігін тигізетіндігін жазады. Ғалым Ә.Болғанбаев [4] анатомиялық атауларға байланысты фразеологизмдер туралы мақаласында

анатомиялық атаулардың көпмәнді болатындығын, осының негізінде олардың жаңадан туынды сөздерді жасауға бейім келетінін, сондай-ақ, сөздікте бірінші кезекте есім фразеологизмдерді, соңынан етістік фразеологизмдерді беруді дұрыс көретінін атап өтеді. Профессор Н.Уәлидің «Фразеологизм және тілдік норма» [5] атты еңбегінде қазақ тіліндегі тұрақты сөз орамдарының тілдік табиғаты, ұлттық мәдени мазмұны, стильдік ерекшеліктері әдеби тіл нормасы тұрғысынан қарастырылады. Фразеологизмдер семантикасының таңбалық мәртебесін ғалым Р.Авакова этномәдени және экстралингвистикалық дереккөздері арқылы ашып, олардың таңбалық-символдық белгілерін ассоциативті-бейнелі ойлаудың жемісі ретінде анықтайды [6]. Бұған қоса тұрақты сөз тіркестерін әртүрлі аспект тұрғысынан зерттеген диссертациялық еңбектер мен мақалалар бар. Мәселен, профессор С.Сатенова [7] қазақ тіліндегі қос тағанды фразеологизмдердің тілдік және поэтикалық табиғатын, ғалым А.Тымболова [8] тұрақты тіркестер құрамындағы мағынасы күңгірттенген компоненттерді, профессор Г.Смағұлова [9] мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілерін – диссертациялық зерттеулер көлемінде, филология ғылымдарының докторы С.Қоянбекова бастаған бір топ зерттеушілер қазіргі қазақ тіліндегі ұлттық кодты анықтайтын фразеологизмдердің экспрессивтік стилистикалық лингвомәдени сипатын [10], жас зерттеуші Ә.Шалқарбек және т.б. танымдық көзқарас аясындағы фразеологиялық бірліктердің әлемдік бейнесін [11] мақала көлемінде қарастырған болатын.

Қазақ тіл білімінде фразеологиялық тіркестер біраз зерттеліп келді десек те, олардың тілдік-мәдени жады, жасырын жатқан мәдени-танымдық мәні жеткілікті дәрежеде қарастырылды дей алмаймыз.

Қазіргі тілдік жағдаят тек бірыңғай, жалаң тілдік семантикамен шектелудің жеткіліксіз екенін көрсетіп отыр. Олай дейтініміз тілдік субъектінің (жеке адам, әлеуметтік жіктер, халық, ұлт) санасында екі бірдей семантикалық код – тілдік және мәдени-семантикалық код бір-бірімен астасып, байланысып жатса, тілдік тұлғаның мәдени-тілдік күзіреті әлдеқайда жоғары болмақ. Бұл жерде тілдік семантика дегеніміз – тілдік бірліктердің сөздіктерде берілетін түсіндірмесімен сәйкес келетін тілдік ақпараттар жүйесі, ал мәдени семантика халықтың, ұлттың ұрпақтан-ұрпаққа тіл арқылы беріліп келе жатқан дәстүрлі білімдер жүйесін құрайды. Лингвомәдени семантиканы анықтап лексикографиялауда «адам және қоғам», «адам және табиғат», «тіл және қоғам», «тіл және мәдениет» принципі негізге алынады.

Сондықтан да зерттеудің жаңашылдығы мен маңыздылығы ұлттық рухани құндылық ретіндегі тұрақты сөз тіркестерінің мәдени және танымдық ерекшеліктері номинация түрінде емес, тілдік, когнитивтік және мәдени кодқа салынған айрықша семиотикалық тұтас жүйе ретінде қарастырылуымен өзектеледі. Бейнелі сөз орамы семантикасындағы

ұлттық-мәдени жадтың, яғни халықтың мәдениетімен, дүниетанымымен байланысты білімдер жүйесінің зерделенуі – маңызды да құнды болмақ.

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Лексика-фразеологиялық бірліктердегі тілдік және этномәдени семантиканы айқындауда он бес томдық «Қазақ әдеби тілінің сөздігі» (Алматы, 2011), бір томдық «Қазақ сөздігі» (Алматы, 2013), бес томдық «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия» (Алматы, 2017) атты іргелі еңбектеріндегі материалдар, Қазақ тілінің ұлттық корпусының электронды мәтіндер қоры (<https://qazcorpus.kz/>) мен профессор Н.Уәлидің жеке картотекалық қорындағы материалдар, Ә.Нұршайықов, Б.Соқпақбаев, М.Сүндетов, М.Мақатаев, Т.Сәукетаев т.б. көркем сөз шеберлерінің шығармаларынан алынған дәйектеме материалдар пайдаланылды.

Мақала жазудың алғашқы кезеңінде эмпирикалық зерттеу әдістері қолданылды: арнайы әдебиеттерді қарастыру, іріктеу әдісі негізінде талданатын материалдарды жинақтау, дәйектеме материалдарды саралау. Бұдан әрі ғылыми зерттеудің жалпылогикалық (аралас) әдістері пайдаланылды: бейнелілік компонентінің белгілену жолдарын анықтау мақсатында семиотикалық талдау; ішкі форма белгілерін айқындау мақсатында этимологиялық талдау; тілдік бірліктердің этномәдени мазмұнын айшықтау барысында интерпретативтік талдау; семантикалық құрылымының белгілерін анықтау барысында компоненттік талдау; сондай-ақ контекстік және салыстырмалы талдаулар пайдаланылды.

Нәтижелер және талқылау

Тіл мен мәдениет – бір-бірімен астасып жатқан біртұтас жүйелі құбылыс. Осындай бірімен-бірі кірігіп, байланысып жатқан тілдік мәнділіктер мен мәдени мәнділіктердің адам, қоғам, табиғатпен байланысты ерекшеліктері ең алдымен тілдің лексика-фразеологиялық бірліктерінің мазмұн межесінен байқалады.

Түсіндірме сөздіктерде берілген дефиницияда атаудың тілдік семантикасына тән ақпараттар қамтылады да, оның мәдени семантикасына қатысты жағы берілмейді немесе берілсе де шектеулі болады. Өйткені сөздікшіге лексикографиялық аядан шығып кетуге болмайды. Сөйтіп, субъектінің (этностың) объектімен қарым-қатынасы, наным-сенімі, ырымы, ғұрыптық жағы т.б. мәдени семантикамен байланысты компоненттері лексикографиялаудан тысқары қалып, тілді тұтынушының тілдік білімі біржақты ғана болуы мәдени семантикасы жағынан репрезенттелуінің елеусізденіп қалуына байланысты.

Этномәдени маркерлі лексиканың астарындағы мәдени семантиканы ашудың жолдары мен тәсілдері бар. Лексика-фразеологиялық бірліктердің

бір типінде тілдік семантиканың ішкі құрылымында лексикалық мағынамен қоса қабат жүретін мәдени семантикалық компоненттің түрлері айқындалып, бұлардағы кодқа салынған тілдік және мәдени ақпараттар салыстырыла беріледі. Мысалы, шығыстың фольклорлық дәстүрінің басты образдарының бірі, асқан жомарттықтың символы – Атымтай жомарттың тілдік семантикасы біртөмдік «Қазақ сөздігінде» [12, 124 б.]: АТЫМТАЙ: атымтай жомарт. э т н. *Ескі аңыз, әпсаналарда айтылатын, бұл дүниеде еш теңдесі жоқ жомарт адам, – деп берілген. Ал оның мәдени семантикасы тік жашқа ішінде [Халық Атымтайдың жомарттығын ниет жомарттық деп, туа бітті қасиетке балаған, өйткені Атымтайдың жомарттығы нәресте кезінен нышан берген: алдымен емшектесі тоймай, өзі емшек ембейтін болған. Араб аңыз-әпсаналарында «һатым» асқан жомарт адамның есімі, ал «тай» сол адам шыққан тайпаның аты]* – деп көрсетілген.

Қазақ фольклорындағы хикаяларда Атымтай жомарттың кеңдігін, зейінділігін, жомарттығын, қайырымдылығын т.б. тұлғалық қасиеттерін суреттейтін дастандар бар. Қазақтардың түсінігінде адамдардың бәрі пайғамбар, әулие, хакім бола алмайды, ал кез келген адам пейілі, ниеті түзу болса, жомарт бола алады.

Лексикографиялық еңбектердің реестріне алынған лексика-фразеологиялық бірліктердің екінші бір типі – кодқа салынған тілдік ақпараттардың ашық, ал мәдени ақпараттардың жабық болып келуі. Мысалы, мезгілсіз жүрген адамға «жеті түнде неғып жүрсің» дейді. Көркем шығарма тілінен де *жеті түнде, жеті қараңғы түнде* тіркестерін көптеп кездестіруге болады:

– *Көктен түстің бе, жерден шықтың ба, қалқам-ау, осы жеті түнде қалай келіп қалдың? – десіп жатыр олар* (Нұршайықов Ә. Махаббат қызық мол жылдар).

– *Беркенбісің? – деді де, шешем есікті ашып жіберді. Жеті қараңғы түнде сонша жерден жан ұшырып жалғыз келгенімді білгенде: «Жаным, қалай қорықпадың», – деп елжіреп, бауырына басты* (Сокпақбаев Б. Балалық шаққа саяхат).

– *Сен мына жеті түнде өздігіңнен, сұраусыз шыға аласың ба?* (Сүндетов М. Күтем сені, Дидар).

Тіліміздегі жеті түнде, жеті қараңғы түнде қолданысының *түн ортасында, мезгілсіз кезде* мағынасын беретіні көпшілікке мәлім. Ал неге үш түнде емес? Неге жеті түнде деп айтылады? – деген сұрақ адамды ойландырып тастайтыны жасырын емес.

Бұл сұрақтың жауабын көбінесе жеті санының қасиетті сан ретінде танылуымен байланыстырып жатады. Алайда қазақ халқы үшін үш саны да, қырық саны да ерекше сандардың қатарына жататынын ескеретін болсақ, *жеті түнде, жеті қараңғы түнде* бейнелі сөз орамының пайда болуына негіз болған себептің экстралингвистикалық уәжі өзге екенін аңғарамыз.

Демек, «жеті түнде», «жеті қараңғы түнде» сөз тіркестері мағынасының «түн ортасында, мезгілсіз кезде» деп берілуі тілдік семантикаға жатса, оның мәдени семантикасы аспан денесі – Жетіқарақшы жұлдызымен байланысты. «Жеті түнде», «жеті қараңғы түнде» уақыты – *Жетіқарақшы жұлдызының кеш қараңғысынан көрініп, таңға астасып кеткенге дейінгі шағы*. Көріп отырғанымыздай, халықтың мәдениетімен, дүниетанымымен байланысты білімдер жүйесін құрайтын тілдік-мәдени жад үнемі ашық, яғни түсінікті бола бермейді.

Тіліміздегі *арыстандай айбатты, аққу мойын ару қыздар, бас-көз болды, жетім қыздың тойындай сияқты тұрақты* тіркестер белгілі бір затқа, құбылысқа ұқсатудан пайда болғаны белгілі. Соған байланысты мазмұнында қамтылған мән-мағына да, оның уәжі де айқын, түсінікті болады.

Айталық, көркем сөз шеберлерінің тілінде «жалғыздық» образын емен ағашының бейнесімен таныту кездеседі. Жалғыздық – бұл «жалғыз түп емен», «жапанға біткен жалғыз емен».

*Жалғыз түп емен көріп пе ең,
Жабырқап тұрған далада?
Емен деп мені бағала.*

(Мақатаев М. Жазғырма мені, жан-аға.)

*Аспаным мұңайып аласарып тұр ...
Жапанға біткен жалғыз емен едің,
Ақыл-ойдың байрағы,
Ар-намыстың қайрағы – нағыз кемел едің!*

(Сәукетаев Т. Мен – жындымын.)

Сырт қарағанда өлең жолдарында түсініксіз сөз жоқ. Бірақ «сан алуан ағаш атаулының ішінен дәл осы еменнің таңдалуы неліктен» деген сұрақ туындайды. Ал оның себебі, зерттеуші А. Әмірбекованың көрсетуінше, емен ағашының тамырын кеңге жайып, барынша үлкен кеңістікте өсетінінде жатыр. Оның қасынан басқа ағаштар тамырын жая алмайды [13, 125 б.]. Өзге ағаштардан алшақ, өз бетінше жалғыз өсіп тұратын еменнің осы қасиеті негізге алынады. Осылай ассоциативтік бейне көрініс табады.

Кей тұрақты сөз тіркестерінің тілдік семантикасы айқын, әсері айрықша болғанымен, шығу төркіні, яғни олардың жасалуына негіз болған түрткіжайттар, мәдени жад имплицитті ақпарат мазмұнын қамтиды. Әдетте «туған жерінен не жақын адамдарынан безінді, қол үзді; тілінен, ділінен безінді, мөңгүрттенді» дегенді ерекше әсермен айтқымыз келсе, *қағынан жеріді, қағынан жеріген құландай* бейнелі сөз тізбегінің бірін қолданамыз. Осы фразеологизмдердің бұлай айтылуына құланның мәдени семиологиялық парадигмадағы мағынасы негіз болады: құлан жақын жердегі бөтен қақтың суын ішпей, алыс болса да тек өзі үйренген меншікті қағынан ғана су ішеді, құланның басқа қақтан су ішуі – тосын қылық.

Тілімізде *қыз жатжұрттық* тұрақты сөз тіркесі бар. «Қыз үйде отырмайды, тұрмысқа шығуы тиіс, ол – болашақ ана, от жағып, күл төккен жерінің, барған елінің адамы болып қала береді» деген ойтанымдық ұғымды білдіреді. Алайда қыз жат болып кетпейді, қазақ қызы қайта тым бауырмашыл болады. Оны «Тұз десе, түйе түтпейді, төркін десе, қыз түтпейді» деген мақалдың мазмұнынан аңғаруға болады. Ал мәдени семиологиялық парадигмада қызды *жатжұрттық* дейтіні «ол барған елінің адамы болып, сүйегі түбінде барған жерінде қалады» деген мағынаны білдіреді.

Тілімізде «масқара болу, жазалану» мағынасында *қара найза астында отыру* тұрақты тіркесі қолданылады. Бұл тіркестің шығу төркінінде бейнелілік жатқан жоқ. Фразеологизмнің бұлай айтылуына ерте кездегі ескі салт негіз болған. Қазақтың бұрынғы әдет-ғұрпы бойынша төрт найзаны жерге қадап, олардың басын түйістіріп, ішіне айыпты адамды отырғызып қоятын болған. Осылай жазаланған адамды *қара найза астында отырды* дейді. Бұл жаза масқаралаудың белгісі болған.

Сондай-ақ тілімізде *өлі күйеу* тұрақты тіркесі бар. Бұл сөзқолданыстың тілдік мағынасы – *байырғы қазақ дәстүрінде баталасқан қалың малының едәуір бөлігі беріліп, бірақ өлтірісі берілмеген кезге дейінгі күйеу жігіт*. Көрсетілген тілдік мағынаның негізінде мынадай мәдени код жатыр: Қалыңдығының аулына келген күйеу жігіттің құқығы тым шектеулі болған. Ол қыз әкесінің, өзге де жасы үлкен адамдардың көзіне түспеуге тырысып, қыз жеңгелерінің айтқандарына, дегендеріне көнетін болған. Тек өлтірісін бергеннен кейін дұға оқылып, некесі қиылған соң өлі күйеу «тірілетін» болған. «Өлтірісін берген соң, өлі күйеу жатар ма» дейді. Өлтіріге берілген малдың етінен күйеу жігіт пен қыз ауыз тимейді.

Көсем түйе. Бұл тұрақты тіркестің тілдік семантикасы – *көшкенде көштің ең алдында жүретін түйе*. Ал оның негізінде мынадай мәдени код жатыр: Көсем түйені ханның әйелі жетелейді. Ханның әйелі тұрғанда басқалардың оны жетелеуге құқы болмайды. Көсем түйені жетелеу – хан әйелінің, оның атақ-абыройының белгісі [14, 141 б.].

Махамбет ақын Исатай бейнесін:

Керіскідей шандозым!

Құландай ащы дауыстым! –

деген сияқты ажарлы, мағыналы теңеулер негізінде сомдайды. Осындағы «құландай ащы дауыстым» деп келетін тіркестегі *құлдан* – жылқының тағы тұқымы. Ал «ащы дауыс» деп көп жағдайда құлаққа жағымсыз, жанға жайсыз естілетін дауысты айтады. Дегенмен Махамбеттің «құландай ащы дауыстым» деген көркем теңеуі негізінде ол «күшті дауыс», «ерекше дауыс», «дұшпандарында үрей туғызатын дауыс» деген сияқты семаларды қамтып, батыр бейнесін танытады [15, 103 б.]. *Құландай ащы дауысты* тіркесінің тілдік және бейнелі семантикасына негіз болатын жабық мәдени ақпараттың түрін былайша ашуға болады: *құлдан атаулының*

бәрі ащы дауыс шығара бермейді. Құлан үйірінің жетекші айғыры қаққа су ішуге келген үйіріне қауіп төнгенде ащы дауыс шығарып, белгі береді; адетте үйір жетекшісі өзі суға бас қоймай, қарауылдап тұрады.

Тілімізде тыйым мәнді *аузыңа шөп қыстырма!* тұрақты тіркесі бар. Тілдік семантикасы – балалардың *шөп тістегенін көргенде жасы үлкендердің айтатын тыйымы*. Байырғы қазақы ортада айтылатын тыйым сөздер ескілікті наным-сенімдерге байланысты болып, олардың қайсыбірінің неліктен тыйым салынатыны белгілі болып тұрады. Мысалы, *босағаны керме; табалдырықта тұрма* деген тыйым құн талап етумен байланысты айтылады. Құн сұрап келген адам табалдырықты аттап, ішке кірмейді: босағаны керіп тұрады. Бұл – құн талап етудің семиотикалық таңбасы. Сонымен қатар ел арасында айтылатын көптеген тыйымдардың неге екені белгісіз болып, арғы мәні ашылмай жатады. Мысалы, *аузына шөп қыстыру (шөп тістеу)* деген семиотикалық таңбаның тыйым сөзге ұшырауының себебі ұмыт болған. Дегенмен бұл тәрізді тыйымдардың түпкі мәні «Бабырнама» (Ташкент, 1993) сияқты жазбаларда ұшырасып та қалады: Ауғандықтар шайқаса алмайтын жағдайда *аузына шөп қыстырып*, мен сенің өгізіңмін дегендей, құлшылық етіп, жауына бас иеді. Жазбаның тағы бір жерінде: Осы сангарды алғанымызда Кивидің Шади хан есімді бір атақты адамы аузына шөп қыстырып келіп, маған қызмет атқаруға мойынсұнды, – дейді. Мысалдың мағынасына қарағанда, *аузына шөп қыстыру* «мен сенің дегеніңе көніп, айдауыңа жүретін малыңмын» дегенді аңғартады. Жетісу аймағында жасы үлкендер балаларға «аузыңа шөп қыстырма» деп, бұндай қылықты жамандыққа жорып, тыйым салып отырған. Ал қыстырылған шөпті иттің аузынан көргенде «иесіне нағыз берілген, иесінің тілеуін тілейтін ит» деп жақсылыққа жорыған.

Қорытынды

Сөз әлеуетінің мүмкіншіліктерін және мазмұнында сақталған сөз қуатын барынша пайдалануда коммуникативтік-прагматикалық ықпалы ерекше, тұтас бір ұғымды білдіретін тұрақты сөз тіркестерінің мәдени-танымдық мазмұнын, шығу көзін зерделеу барысында мынадай қорытындыға келдік:

1) қазіргі тілімізде қалыптасқан лексика-фразеологиялық таңбаның мағыналардың функционалды мәнін, этномәдени уәждемесін, этимологиясын, тілде таңбаланудың мәдени-семантикалық коды негізінде мәдени құндылыққа ие болу ерекшелігін, синергиялық болмысын антропоэзектік парадигма ракурсында талдау тілді танудың тиімді кеңістігі болып табылады;

2) тілдің лексика-фразеологиялық бірліктерінің мағыналары – тілішілік деңгейіндегі құбылыс. Ал олардың лексика-фразеологиялық мағыналарымен қатар тілүстіндік мән-мазмұны да болады. Бірінші

деңгейдегі лексика-фразеологиялық мағына – тілішілік өріске, ал олардың екінші деңгейіндегі мән-мазмұны мәдени тілдік өріске жатады;

3) тіліміздегі кейбір тұрақты тіркестер ұқсатып айтудан пайда болады, әртүрлі құбылыстардың бейнелі тілдік таңбасы ретінде көрініс табады, ондай сөз орамдарының неге бұлай айтылатыны айқын, түсінікті болады;

4) кей тұрақты сөз тіркестерінің тілдік семантикасы айқын, әсері айрықша болғанымен, шығу төркіні, яғни олардың жасалуына негіз болған түрткіжайттар, мәдени жад имплицитті болып келеді.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала BR24993133 «Қазақ тілін лингвосинергетикалық, лингвоэкологиялық, лингводидактикалық аспектіде зерттеу және оның оқу мәтіні лингвистикалық негіздерін әзірлеудегі қызметі» атты бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобасы аясында дайындалды.

ӘДЕБИЕТ

[1] Телия В.Н. Русская фразеология: семантический, прагматический и лингвокультурологический аспекты. – М.: Школа «Языки русской культуры», 1996. – 288 с.

[2] Кайдаров А.Т. Принципы классификации фразеологизмов и классификационные группы в современном казахском языке // Известия АН КазССР. Сер. Филол. – 1979. – №3. – С.1-11.; Кайдаров А.Т. Образно-фондовая основа устойчивых выражений, связанных со скотоводством, в казахском языке // Известия АН КазССР. Сер. Филол. – 1987. – №1. – С. 3-8.

[3] Нұрғазиева Г. Етістікті фразеологизмдердің қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде берілуі // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігін жасау тәжірибелері. – Алматы, 1989. – Б.96-104.

[4] Болғанбаев Ә. Анатомиялық атауларға байланысты фразеологизмдер // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігін жасау тәжірибелері. – Алматы, 1989. – Б.105-132.

[5] Уәлиев Н. Фразеологизм және тілдік норма. – Алматы, 1992. – 128 б.

[6] Авакова Р.А. Фразеосемантика. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 246 б.

[7] Сатенова С.К. Қазақ тіліндегі қос тағанды фразеологизмдердің тілдік және поэтикалық табиғаты: филол.ғ.д. ... автореф. – Алматы, 1997. – 97 б.

[8] Тымболова А. Тұрақты тіркестер құрамындағы мағынасы күңгірттенген компоненттер: филол. ғылым. канд. ... дис. – Алматы, 1999. – 133 б.

[9] Смағұлова К.Н. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері: филол.ғ.д. ... автореф. – Алматы, 1998. – 51 б.; Смағұлова Г. Қазақ фразеологиясы лингвистикалық парадигмаларда: монография. – Алматы, 2020. – 256 б.

[10] Қоянбекова С.Б., Сатинбекова М.М., Кубдашева К.Б., Нұрмұхаметова Қ.Т. Экспрессивтік стилистика: қазақ тіліндегі фразеологизмдердің ұлттық кодтағы лингвомәдени парадигмалары // «Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ Хабаршысы» журналы, «Филология ғылымдары» сериясы. – 2024. – Том 74. – №3. – Б.135-153.

[11] Шалқарбек Ә., Жауыншиева Ж.Б., Қоңырбаева Г.Қ., Утегулова З.Н. Танымдық көзқарас аясындағы фразеологиялық бірліктердің әлемдік бейнесі // «Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ Хабаршысы» журналы, «Филология ғылымдары» сериясы. – 2023. – Том 70. – №3. –Б. 247-264.

[12] Қазақ сөздігі (Қазақ тілінің біртөмдік үлкен түсіндірме сөздігі. – Алматы: Дәуір, 2013. – 1488 б.

[13] Әмірбекова А. Қазіргі қазақ тіл біліміндегі жаңа бағыттар. – Алматы: Елтаным, 2011. – 204 б.

[14] Янушкевич А. Күнделіктер мен хаттар немесе Қазақ даласына жасалған саяхат туралы жазба. Аударған. М.Сәрсекев. – Алматы: Жалын, 1979. – 272 б.

[15] Хабиева А.А. Тарихи лексиканың мазмұндық құрылымындағы коннотаттық компоненттер (Махамбет шығармашылығы негізінде): филол. ғылым. канд. ... дис. – Алматы, 2007. – 122 б.

REFERENCES

[1] Teliya V.N. Russkaya frazeologiya: semanticheskij, pragmaticheskij i lingvokul'turologicheskij aspektu [Russian phraseology: semantic, pragmatic and linguocultural aspects]. – М.: Shkola «Yazyki russkoj kul'tury», 1996. – 288 s. [in Rus.]

[2] Kaidarov A.T. Prinsipy klaccifikacii frazeologizmov i klaccifikacionnye gryppy v covremennom kazahckom iazyke [Principles of classification of phraseological units and classification groups in the modern Kazakh language] // İzvectia AN KazCCR. Ser. Filol. – 1979. – №3. – С.1-11.; Kaidarov A.T. Obrazno-fonovaia ocnova yctoichivyh vyrajeni, cvāzannyh so cktovodctvom, v kazahckom iazyke [The figurative background basis of stable expressions 'related to cattle breeding' in the Kazakh language] // İzvectia AN KazCCR. Ser. Filol. – 1987. – №1. – С. 3-8. [in Kaz.]

[3] Nūrğazieva G. Etictikti frazeologizmderdiñ qazaq tiliniñ түcindirme cözdiginde berilyi [Translation of verb phraseology in the Explanatory Dictionary of the Kazakh language] // Qazaq tiliniñ түcindirme cözdigin jacay täjiribeleri. – Almaty, 1989. – B.96-104. [in Kaz.]

[4] Bolğanbaev Ä. Anatomialyq ataylarğa bailanycty frazeologizmder [Idioms related to anatomical names] // Qazaq tiliniñ түcindirme cözdigin jacay täjiribeleri. – Almaty, 1989. – B. 105-132. [in Kaz.]

[5] Uäliev N. Frazeologizm jäne tildik norma [Phraseology and language norm]. – Almaty, 1992. – 128 б. [in Kaz.]

[6] Avakova R.A. Frazeosemantika [Phraseosemantics]. – Almaty: Qazaq universiteti, 2013. – 246 b. [in Kaz.]

[7] Catenova C.K. Qazaq tilindegi qoc tağandy frazeologizmderdіñ tildik jäne poetikalыq tabıǵaty [Linguistic and poetic nature of double-tag idioms in the Kazakh language]: filol.ǵ.d. ... avtoref. – Almaty, 1997. – 97 b. [in Kaz.]

[8] Tymbolova A. Tūraqty tirkester qūramyndaǵy maǵynasy kūñgirttengen komponentter [Components whose meaning is darkened in the composition of stable phrases]: filol. ǵylym. kand. ... dis. – Almaty, 1999. – 133 b. [in Kaz.] [in Kaz.]

[9] Cmaǵūlova K.N. Maǵynalac frazeologizmderdіñ ūlttyq-mādeni aceptileri [National and cultural aspects of semantic phraseology]: filol.ǵ.d. ... avtoref. – Almaty, 1998. – 51 b.; Cmaǵūlova G. Qazaq frazeologiacы lingvictikalыq paradigmalarda [Kazakh phraseology in linguistic paradigms]: monografia. – Almaty, 2020. – 256 b. [in Kaz.]

[10] Qoianbekova S.B., Satinbekova M.M., Kubdaşeva K.B., Nūrmūhametova Q.T. Ekspresivtik stilistika: qazaq tilindegi frazeologizmderdіñ ūlttyq kodtaǵy lingvomādeni paradigmalary [Expressive Stylistics: linguocultural paradigms of phraseology in the Kazakh language in the National Code] // «Abylai han atyndaǵy QazHQjäneÄTU Habarşysy» jurnalы, «Filologia ǵylymdary» seriasy. – 2024. – Tom 74. – №3. – B.135-153. [in Kaz.]

[11] Şalqarbek Ä., Jauynşieva J.B., Qoñyrbaeva G.Q., Utegulova Z.N. Tanymdyq közqaras aiasyndaǵy frazeologialыq birlіkterdіñ älemdik beinesі [The world picture of phraseological units within the framework of a cognitive approach] // «Abylai han atyndaǵy QazHQjäneÄTU Habarşysy» jurnalы, «Filologia ǵylymdary» seriasy. – 2023. – Tom 70. – №3. – B. 247-264. [in Kaz.]

[12] Qazaq sözdıǵı (Qazaq tilinіñ birtomdyq ūlken tūsındırme sözdıǵı) [Kazakh dictionary (Single large Explanatory Dictionary of the Kazakh language)]. – Almaty: Däuir, 2013. – 1488 b.

[13] Ämirbekova A. Qazırǵı qazaq til bilimindegi jaña baǵyttar [New directions in modern Kazakh linguistics]. – Almaty: Eltany, 2011. – 204 b. [in Kaz.]

[14] İanuşkevich A. Kündelikter men hattar nemese Qazaq dalasyna jasalǵan saiahat turalы jazba [Diaries and letters or a note about a trip to the Kazakh steppes]. Audarǵan. M.Särsekev. – Almaty: Jalyn, 1979. – 272 b. [in Kaz.]

[15] Khabiyeva A.A. Tarihi leksikanyñ mazmūndyq qūrylymyndaǵy konnotattyq komponentter (Mahambet şǵarmaşylyǵy negizinde) [Connotative components in the content structure of historical vocabulary (based on Makhambet's work)]: filol. ǵylym. kand. ... dis. – Almaty, 2007. – 122 b. [in Kaz.]

КУЛЬТУРНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНОЕ СОДЕРЖАНИЕ КАЗАХСКИХ УСТОЙЧИВЫХ ВЫРАЖЕНИЙ

*Хабиева А.А.¹, Уәли Н.М.², Омарбаева Г. С.³

^{1,2}Институт языкознания имени А. Байтурсынулы, Алматы, Казахстан

Аннотация. Известно, что богатство слов любого языка измеряется не только количеством слов в реестре словарей. В связи с этим всегда важна и ценна работа, направленная на изучение вопросов «семантика слова», «синергия слова», «ассоциативно-образный потенциал языковых единиц», «культурный код языка», рассмотрение языка в его связи с культурным контекстом потребителя. Культурно-познавательные особенности казахских устойчивых выражений, проанализированные в статье, рассматриваются как особая семиотическая целостная система, построенная на языковом и культурном коде. Цель работы – раскрыть истоки происхождения, культурно-языковую память казахских устойчивых выражений, содержащих культурно-познавательную информацию. В статье акцентируется внимание на скрытой культурной семантике, экстралингвистической мотивации устойчивых выражений, не зафиксированных в пятнадцатитомном и однотомном толковом, этимологическом, диалектологическом и др. словарях. Определены пути и способы раскрытия культурной семантики, лежащей в основе лексико-фразеологических единиц, включенных в реестр лексикографических трудов казахского языка. В одном типе лексико-фразеологических единиц происходит сопоставление языковой и культурной информации, заложенной в код. Во втором типе языковая информация, встроенная в код, является открытой, а культурная – закрытой. В исследовании использовались методы сбора, отбора, семиотический анализ, этимологический анализ, интерпретативный анализ, компонентный анализ, а также контекстный и сравнительный анализы. Рассматриваемые в ходе исследования вопросы занимают место в ряду актуальных проблем не только науки о языке, но и других гуманитарных наук (этнография, культурология, страноведение и др.) и сферы образования. Результаты исследования могут быть использованы на лекциях и специальных курсах по лингвистике художественного текста, когнитивной лингвистике, лингвокультурологии, при составлении толковых, лингвокультурологических словарей казахского языка и этнографических энциклопедий.

Ключевые слова: языковая семантика, культурная семантика, устойчивое выражение, лексико-фразеологические единицы, культурно-языковой код, культурная информация, язык, содержание

CULTURAL AND EDUCATIONAL CONTENT
KAZAKH STABLE EXPRESSIONS

*Khabiyeva A.A.¹, Uali N.M.², Omarbayeva G. S.³

*^{1,2}A. Baitursynuly Institute of Linguistics, Almaty, Kazakhstan

Abstract. It is known that the richness of words in any language is measured not only by the number of words in the dictionary registry. In this regard, work aimed at studying the issues of “word semantics”, “word synergy”, “associative-figurative potential of linguistic units”, “cultural code of language”, and consideration of language in its connection with the cultural context of the consumer is always important and valuable. The cultural and cognitive features of Kazakh stable expressions analyzed in the article are considered as a special semiotic integral system based on the linguistic and cultural code. The purpose of the work is to reveal the origins of the origin, cultural and linguistic memory of Kazakh stable expressions containing cultural and cognitive information. The article focuses on the hidden cultural semantics, the extralinguistic motivation of stable expressions that are not recorded in fifteen-volume and one-volume explanatory, etymological, dialectological and other dictionaries. The ways and means of revealing the cultural semantics underlying the lexical and phraseological units included in the register of lexicographic works of the Kazakh language are determined. In one type of lexical and phraseological units, linguistic and cultural information embedded in the code is compared. In the second type, the linguistic information embedded in the code is open, while the cultural information is closed. The research used methods of collection, selection, semiotic analysis, etymological analysis, interpretive analysis, component analysis, as well as contextual and comparative analyses. The issues considered in the course of the research occupy a place among the urgent problems not only of the science of language, but also of other humanities (ethnography, cultural studies, regional studies, etc.) and the field of education. The results of the research can be used in lectures and special courses on the linguistics of literary text, cognitive linguistics, linguoculturology, in the compilation of explanatory, linguoculturological dictionaries of the Kazakh language and ethnographic encyclopedias.

Keywords: linguistic semantics, cultural semantics, stable expression, lexical and phraseological units, cultural and linguistic code, cultural information, language, content

Мақала түсті: 04 ақпан 2025

Авторлар туралы мәлімет:

Хабиева Алмагүл Алтайқызы – жетекші ғылыми қызметкер, филология ғылымдарының кандидаты, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы, Қазақстан, e-mail: a.a.khabiyeva@bk.ru, <https://orcid.org/0000-0002-8622-021X>

Уәли Нұргелді Мақажанұлы – бас ғылыми қызметкер, филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0002-9906-8317>

Информация об авторах:

Хабиева Алмагуль Алтаевна – ведущий научный сотрудник, кандидат филологических наук, Институт языкознания имени А. Байтұрсынұлы, Алматы, Казахстан, e-mail: a.a.khabiyeva@bk.ru, <https://orcid.org/0000-0002-8622-021X>

Уәли Нұргелді Мақажанұлы – главный научный сотрудник, доктор филологических наук, профессор, Институт языкознания имени А. Байтұрсынұлы, Алматы, Казахстан, <https://orcid.org/0000-0002-9906-8317>

Information about the authors:

Khabiyeva Almagul Altayevna – Leading Researcher, Candidate of Philological Sciences, A. Baitursynuly Institute of Linguistics, Almaty, Kazakhstan, e-mail: a.a.khabiyeva@bk.ru, <https://orcid.org/0000-0002-8622-021X>

Uali Nurgeldi Makazhanuly – Chief Scientific Officer, Doctor of Philological Sciences, Professor, A. Baitursynuly Institute of Linguistics, Almaty, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0002-9906-8317>